

# Италия



# Италия Республикасы

**ИТАЛИЯ (ИТАЛ. *REPUBBLICA ITALIANA, ITALIA*) —ЕУРОПАНЫҢ ОҢТҮСТІК БӨЛІГІНДЕ, ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ АПЕННИН ТҮБЕГІНДЕ, СИЦИЛИЯ, САРДИНИЯ ЖӘНЕ БІРНЕШЕ ҰСАҚ АРАЛДАРДА ОРНАЛАСҚАН МЕМЛЕКЕТ. ЖЕР КӨЛЕМІ – 301,2 МЫҢ КМ<sup>2</sup>. ХАЛҚЫ – 57,5 МЛН АДАМ (1998). ХАЛҚЫНЫҢ 94%-Ы ИТАЛИЯЛЫҚТАР. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ – ИТАЛИЯ ТІЛІ. ХАЛҚЫ ХРИСТИАН ДІНІНІҢ КАТОЛИК ТАРМАҒЫН ҰСТАНАДЫ.**

# АСТАНАСЫ – РИМ ҚАЛАСЫ

Ел Италия

Статусы Астана

Аймағы Лацио

Провинциясы Рим

Координатасы Координаттар: 41°54'00" с. е. 12°  
30'00" ш. б. [\(Q\)](#) [\(Q\)](#) [\(Я\)](#) 41°54'00"  
с. е. 12°30'00" ш. б. [\(Q\)](#) [\(Q\)](#) [\(Я\)](#)

Мэрі Джованни Алеманно

Құрылған уақыты 753 жылы б. э. б

Жер аумағы 1285 км<sup>2</sup>

Орталығының биіктігі 37 м

Тұрғыны 2 754 440 адам (2010)

Тығыздығы 2197 адам/км<sup>2</sup>


Этнохороним римдік


Уақыт белдеуі UTC+1, жазда UTC+2

Телефон коды (+39) 06

Пошта индекстері 00121 - 00199, 00100

ISTAT коды 05 80 91





**Байрак**

**Елтаңба**





# Ірі қалалары



*Рим,*



*Милан*



*Неаполь*



*Турин*



*Палермо*



*Генуя*



*Болонья*



*Флоренция*



*Бари*



*Катания*

# Экономикасы

*Италия – әлемдегі аса жоғары дамыған жетекші елдердің бірі. Ұлттық табыс көлемі (1146,2 млрд. АҚШ доллары, 1997) жағынан дүние жүзінде АҚШ, Қытай, Жапония, Германия, Франциядан кейін 6-орында, оны жан басына шаққанда 3-орында. Экономикадағы өнеркәсіп үлесі – 35,6%, ауыл шаруашылығы – 3,9%, қызмет көрсету – 60,5%. Халқының 70%-ы – қызмет көрсету, 22%-ы – өнеркәсіпте, 8%-ы – ауыл шаруашылығында жұмыс жасайды. Экономикасында шет ел капиталының үлесі үлкен. Экономикасындағы негізгі салалары: машина жасау, автомобиль жасау, тамақ, химия, тігін, металлургия, т.б. Соңғы жылдары роботтар мен электронды жабдықтар өндірісі тез дамып келеді.*





## Жаңа Ferrari 458 Italia

Италия ең ірі экспорттаушы елдерінің арасында 7-ші орында

Ауыл шаруашылығы жоғары деңгейде. Астық өнімдерінен бидай, жүгері, күріш (Еуропада 1-орында), оған қоса жеміс-жидек, жаңғақ, жүзім (90%-ы – шарап жасауға жұмсалады), помидор өсіріледі. Еуропалық одақтың талабы бойынша мал шаруашылығы аса дамытылмай, көбінесе, сүтті және етті мүйізді ірі қара өсіріледі. Теңіз саудасы жақсы дамыған: экспорттың 60 – 65%-ы, импорттың 80 – 90%-ы сауда флотының үлесінде (жүк тасу мөлшері бойынша әлемде 10-орында).

Италия – аса ірі туризм орталығы (жылына 50 млн-нан аса адам туристер келеді). Ел сыртқы сауда мөлшері бойынша дүние жүзінде 6-орында. Сыртқы саудадағы негізгі әріптестері Еуропалық одақ елдері (ең алдымен Германия, Франция, Ұлыбритания) – 40%-дан астам, АҚШ (7%), Жапония, Орталық және Шығыс Еуропа елдері, т.б.



# Әдебиеті

Италия әдебиетінің ежелгі фольклоры сақталмаған. Орта ғасырлардағы Италия әдебиеті Рим империясы құлағаннан кейін 6 – 12 ғасырлар аралығында латын тілінде пайда болды. Осы кезде Рим шіркеуінің өкілдері *Дж. да Пано Карпинидің* (1182 – 1252), *Марко Полоның* (1254 – 1324) Орталық Азияға жасаған саяхаттары туралы жол жазбалары дүниеге келген. Ұлттық диалектілерде жазылған әдеби ескерткіштер 12 ғасырдың аяғы мен 13 ғасырдың басында туды.





Италия әдебиетінің біртұтас әдеби тілін қалыптастырушы Данте Алигьери (1265 – 1321) болды. Оның негізгі шығармалары – “*Жаңа өмір*” (1292) повесі, “*Құдіретті*” комедиясы (1321), т.б. туындылары дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына қосылды.



Қайта өрлеу дәуірі кезіндегі Италия әдебиетінде ақын Ф. Петрарка (1304 – 1374), Дж. Боккаччо (1313 – 1375) шығармалары көрнекті орын алды. 15 ғасырда ежелгі дәуірді зерттеуші ғалым-жазушы Дж. Ф.П. Браччолини (1380 – 1459) мен Л. Валланың (1407 – 1457), т.б. латын тілінде жазылған шығармалары жазылды.

20 ғасырдың 60-жылдарындағы Италия әдебиетінде жаңа ізденістерден туған күрделі шығармалар жарық көрді. Бұл ретте Моравияның әлеуметтік-психологиялық романдарын (“Чочар”, 1957; “Автомат”, 1963, т.б.), Италия Кальвиноның (1923 жылы т.) повестерін, Г. Паризенің (1929) сатиралық романдарын (“Үй иесі”, 1965), т.б. жазушылардың шығармаларын атауға болады. Италия әдебиеті дүниежүзілік мәдениетте көрнекті орын алады. Италия әдебиетінен К.Гольдонидың “Екі қожаға бір қызметші” комедиясы (1948), Э. Амичистің “Апенниннен Анды тауларына” атты әңгімелер жинағы (1959), А.Дантенің “Құдіретті комедиясын” (“Тамұқ” атты бөлімі, 1971); Р. Джованьолидің “Спартагі” (1951, 1972); С. Марчтің “Күн сайын әр не жоғалмағы” (1971), т.б. қазақ тіліне аударылды.



# Архитектура



## Архитектура

Ежелгі Рим империясының құлдырауынан кейін ортағасырлық Италия архитектурасы (Рим, Милан, т.б. жерлерде күмбезді шіркеулер салынды) қалыптаса бастады. Монументті шіркеу, тұрғын үй, мұнара, қақпа, қорған тұрғызу ісі дамыды. 13 – 14 ғасырларда готика дәстүрлі (Орвьето мен Миландағы, Флоренциядағы соборлар, Веккьо палаццосы, Венециядағы Дождар сарайы) өркендеді. Осы кезеңде ортағасырлық Италия қалаларының түр-сипаты қалыптасты. Қайта өркендеу дәуіріндегі (15 – 16 ғасырлар) Италияның архитектурасы жаңа бағытқа ауысып, қала салу ісінің құралымдау және пропорциялау тәсілдері математикалық жолмен дамыды.



*Назарларыңызға*  
***РАХМЕТ!!!***

